



**АЛЫП
ЕЛДЕР
НАЗАРЫ
АЗС-та**

5-бет



**АБЫРОЙ
БИГІНДЕ**

6-бет



**ХАС
СҰЛУДЫҢ
ЖАЗЫҒЫ
НЕ?**

8-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru

№92 (3623) 5 желтоқсан 2023

6 ЖЕЛТОҚСАН –
ҚР ПРОКУРАТУРАСЫ КҮНІ

**ЗАҢСЫЗДЫҚКА
ЖОЛ БЕРМЕУ –
БАСТЫ МІНДЕТ**



Қызылорда облыстық сотына – 85 жыл

«СЫР СОТТАРЫ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ»

Қыстың алғашқы күні Алаштың бұрынғы астанасы, Сыр өнірінің бас қаласы Қызылордада облыстық соттың 85 жылдық мерейтойы қорытындыланды. Айтулы мереке ресми жиынмен ғана шектелмегі. Мерейтой құрметіне үйымдастырылған маңызды шаралар қалалық, аудандық соттарда жыл бойы жалғасын тауып, тек соттардың емес, жалпы жүртшылық рухын көтерді.

«Жаңа Қазақстандағы сот жүйесін жетілдіру» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, судьялар арасында құқықтық турнир, БАҚ өкілдеріне арналған «Сот репортері» байқауы үйимдастырылды. «Сыр соттары – әділдік айнасы» атты шығармашылық байқауда судьялар мен сот қызметкерлері бақынанда, өнірдегі құқық қорғау органдарының қызметкерлері футbol мен волейболдан сайыс өткізді. Бұған қоса Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттінің 3-4 курс студенттері арасында «АДМ-ПРОЦЕСС–2023» әкімшілік рәсімдік процестің үздік білгірлері» кәсіби шеберлік конкурсы өткізілді.

(Соны 2,3-беттерде)



1991 жылғы 6 желтоқсанда «Қазақ ССР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылданды. Осы күннің құрметтіне құнтізбеде жаңа мереке – Прокуратура күні пайдалы болды.

Прокуратура органдарының тарихы сонау ежелгі заманнан бастау алады. Мемлекеттік басқарудың жоғарғы органы тапсырмаларының орындалуын қадағалау міндеттін жүзеге асырган алғашқы мемлекеттік институттардың бірі – Сайонат деп атталды. Біздін жыл санауымыздығы V ғасырда сайондар патшаның елшісі ретінде Осттот патшалығының аумағында тапсырмаларды орындау бойынша қадағалау міндеттін атқарды. Ертүрлі істер жүктелген олар негізінен жергілікті басқарушылар мен шенеуіндерді бақылауды басты қызметті санауды.

Прокуратура алғаш рет Францияда 1302 жылы монархтың мұддесін қорғайтын орган ретінде құрылды. Патшаның «көзі» саналған прокурордың көмегімен ол мемлекеттік механизмнің жұмысын бақылауды алды.

Кенес үкіметтің тұсында 1933 жылы маусым айында жаңадан құрылған прокуратура органдарында жазалау функциясы басым болды.

Ал, мемлекеттің тәуелсіздік алып, өз алдынға ел болғалы прокуратура органдары біршама өзгерістерге ие болды. Атап айтқанда, прокуратура органдарының негізгі қызметі Ата Заңымыздың 83-бабында айқындалған.

(Соны 4-бетте)

МЭСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЖЕКЕ МУДДЕ БОЛМАЙДЫ

Халық мұддесін қара басынан жоғары қойып, азаматтық ұстанымдарынан едәлк мұратты бік санайтын бір қауым бар. Ол – мемлекеттік қызметшілер. Билік пен бұқара арасына дәнекер болатын, халыққа қызмет етуге бар күш-жігерін сарп ететін де осылар. Мемлекет жолында отқа жанбайтын, суга салсан, батпайтын да мемлекеттік қызметшілер. Дейтұрганмен, бес саусақ бірдей болмайтындығы секілді, бұл топ ішінде де басбұзарлар кездесіп жатады.

Бүгінгі жазбамыз, қызметтік жаупакпершілігіне салғыртылған тантып, берген антына адалдықпен жауп бере алмаған, оңай олжа үшін көзіздікке барған бір топ мемлекеттік қызметшілер тұралы. Қазақен, «Ет сасыса, тұз себесің. Тұз сасыса, не себесің?», – деді. Бұл шарасыздан яки амалсыздан айтқаны белгілі. Билігіміздің бет-бейнесіндей болған «қызметкерлер» бұлғансе, қайтпекіліз?

2023 жылдың басынан бері 842 мемлекеттік қызметкер қылмыстық құқықбұзушылық жасап, жаупак тартылған. 2022 жылы 886 мемлекеттік қызметкер қылмысқа барған. Мемлекеттік қызметкер – еліміздегі билік жүйесінің бет-бейнесі екенін ұмытпағанымыз аблаз. Ба-



рылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» дерегі бойынша анықталған «қылмысқерлер» түйіндеді. Олардың саны – 107 адам. Сондай-ақ, азаптау ісі бойынша – 39, лауазымдық өкілеттіктердің теріс пайдалану ісі

бойынша – 31, ескери қызметкерлер арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде олардың өзара қарым-қатынасының жарғылық ережелерін бұзу ісі бойынша – 31, көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу – 29, 367 – бап негізінде пара беру ісі бойынша – 21, қызметіне салынтырылған таныту ісі бойынша – 17, жалған құжаттарды, мөртабандарды, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік

наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу ісі бойынша – 16 және басқа да түрлі қылмыстық істер бойынша 194 мемлекеттік қызметкер жаупакта тартылған.

(Соны 5-бетте)

ӘДІЛДІК АЙНАСЫ»



бірігіп үйімдастырырды. Бұл шара құқықтану білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді даярлауда болашақ зангерлердің маңандыққа қызығушылығын арттыру және дарынды жастарды анықтап, қолдаумен маңызы. Сот процесін жүргізуідің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын, икемдерін байқау студенттердің қызығушылығын ояты.

Төрт команда қатысқан сайыс төрт кезеңнен тұрды. Студенттердің Әкімшілік-рәсімдік процестік саланы білу деңгейі анықталып, сайысшылар ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Сайыс қорытындысы бойынша женімпаз командалар жүлделі орындарға ие болып, сайкесінше қаржылай сыйлықтармен

лының терафасы М.Еркінбеков пен облыстық соттың судьясы Ш.Маликова марараптады. «Сот репортері» байқауының бас жүлдесін жүзден жүйрік шықкан Әсел Нұрлытаева, «Ұздік мақала» аталымын Ержан Қожасов, «Ұздік идея» аталымын Айнагул Манабаева иеленді.

Сонымен қатар, судьялар мен сот мамандары арасында «Ұздік сот кеңесі», «Ұздік сот ақісі», «Ұздік сот қаулысы», «Ұздік сот үкімі» және «Ұздік сот шешімі» сайystары да үйімдастырылды. Сайыста «Ұздік сот қаулысы» номинациясын Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттың судьясы Сауле Бакуова, «Ұздік сот үкімі» номинациясын Жаңақорған аудандық

ЛЕБІЗ

Мұхтар ЕСЖАНОВ,
отставқадағы судья:

«Ашиқ билік абыройды көтереді»



85 жылдық мерейтой өте жогары деңгейде откізілді. Гылыми конференцияда судьялар тәуелсіздігін нығайту туралы пікірімді айттым. 2002 жылды ескі гимаратта отыратынбыз. Сол кездегі облыс жімі Серікбай Нұргисаевқа кіріп жағдайымызды айттық. Халық әр жерге бармай облыстық соттан бастап барлық соттар бір гимаратта отырысын. Ел әділдікі, билікті бір жерден тапсын дедім.

Қаладагы соттардың барлығы осы гимаратта отыргандықтан «Сот билігі сарайы» деген атау келді ойна. Сот гимаратын қалапың дәл ортасына кошіру қауіпті дегендегер де болды. «Соттан ренжіп шыққандар орталықта шу шыгаруы, қарсылық танытуы мүмкін» дегендегер де бар. Бірақ төрелік алаңынан елдің бірін ренжіп шыққайды гой. Истің әділ қаралғанына қоңлі толық, ақысының қайтқанына, құқығының толық қоргалғанына риза болатындар қапшама! Осыны алға тартып, құзырылғандағар кіріп жүріп Сот билігі сарайының орталық алаңда орналасқан гимаратқа кошүнен мұрындық болды.

Ата-бабаларымыз даулы істерді рабат тобе деген білік тобеде отырып, кеңесін шешетін. Елдің алдында жариялыш түрде откізетін. Қазақ билері елдің айнасы болған. Соттың билігі халыққа жариялыш, елге жақын болуы және халық еркін кіріп, еркін шығыу керек. Брюссельде Еуропаның адам құқықтары жөніндегі халықаралық сотында болды. Есігінің аузында қарапайым әйел отыр. Қазақстандық паспортмен тіркеп кіргізді. Сол соттың ішін түгел арапал шықтым. Бізде де сондай болу керек. Ашиқ билік абыройды көтереді.



да аумақтағы мемлекеттік органдар арасында шағын футбол мен волейболдан турнир өткізілді.

Тағы бір атап айтارлық тың шара студенттер арасында өткізілген құқықтық сайыс болды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттінің 3-4 курс студенттерінің арасында «АДМПРОЦЕСС-2023» әкімшілік рәсімдік процестін үздік білгірлері» атты облыстық кәсіби шеберлік конкурсын Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының және Қызылорда облыстық соттың фимаратында КР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы аудандарлық әкімшілік соты

марараптады. Белсенді қатысқан топтарды шебер дайындағаны үшін топ жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды.

85 жылдық шара шенберінде БАҚ әкілдері де назардан тыс қалмады. Себебі, соттар мен бұқаралық акпарат құралдарының көзеген мақсаты бір, яғни, еліміздің есіп-еркендеуіне, дамыған мемлекеттермен тең түрга үлес қосу. Мерейтой құрметіне орай «Сот репортері» байқау жарияланып, қорытындыланды. Женімпаздарды облыстық соттың ғимаратында КР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы аудандарлық әкімшілік сотының судьясы Эльдар Рысқұлов, «Ұздік сот шешімі» номинациясын азаматтық істер бойынша Қызылорда қалалық соттың судьясы Әсел Карбозова, әкімшілік істер бойынша Қызылорда облысының мамандандырылған аудандарлық әкімшілік соттың судьясы Зәуре Жарылқасынова иеленді.

Облыстық сот ұжымы сот төрелігін іске асырып қана қоймай, қайрымдылық шараларына да белсенділік танытып келеді. Мерейтой мереңе қарсаңында сот ұжымы «Атамекен» отбасы үлгісіндегі бала-лар ауылына арналы болып, тәрбие-ленешілере сыйлықтар үlestіріп, балаарға қуаныш сыйлады.

Салтанатты шарадан соң терағаның өзі бастап қонақтарды құрделі жөндеуден өткізілген сот гимаратымен таныстырыды. Қазақ тарихында езіндік орны бар Қызылорда облыстық соттың мерейтілі тойы нақты жоспармен, жинақы әрі әсерлі етуімен есте қалары анық. Бұл ретте, облыстық соттың терафасы Әділхади Шығамбаев бастиған, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының терафасы Жанат Бекжанов, Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Сағатбек Сүлеймен, облыстық соттың судьясы Шолпан Маликова, Арап аудандық соттың терафасы Камшат Сәдуақасова қостаган судьялар қауымына аға үрпақтың айттар алғыс шекіз.

Тұймегул ИБАШЕВА,
«ЗАң газеті»



ЛЕБІЗ

Фалия ШЫҢҒЫСОВА,
отставқадағы судья:

«Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз»



Жеке басым мерейтойды үйімдастырып, жүгіріп жүрген қыз-жігіттерге алғысымды білдіремін. Керемет отуде, бұрын бірге жұмыс істеген судьялардың басы қосылып, мәре-сәре болып жатырмыз. Осы сотта жеті торағамен бірге жұмыс істедім. Облыстық сотта жалғыз әйел судья болды. Қошшелі сот отырысы көп болатын. Аудан, ауылдарға барғанда жас қой деп күдікпен қаралғанмен, алайда, табандылық танытын істі дұрыс шешкенімізде алғыстарын жаудыратын.

Мұны айттың тұрғаным, адапт енбек тубі еленибей қалмайды, жастиар осыны естен шығармай, елге адапт жызмет етүге міндетті.

Әр шараның тәрбиелік мәні зор

Қоғамда салауатты өмір салтын насиҳаттауға жалпы қазақстандық судьялар атсалысуда. Олардың қатарында Қызылордалық судьялар да бар. Мерейтойға ғана байланысты емес, бұл өнірде соттардың қатысуын спортық шаралар тұрақты түрде етеді. Іс-шаралар күнтізбесінде спортық сайстар да еніп, сәуір айында судьялар мен сот қызметкерлері арасында спортың бірнеше түрінен спартакиада, қараша айын-

ЛЕБІЗ

Светлана ЖУЫНТАЕВА,
Қызылорда облыстық
соттың судьясы:

«Мерейтой ұжымның бірлігін нығайтты»



Мерейтой аясында көптен көрмеген әріптестерімізді көріп, көңіліміз көтеріліп қалды. Бірге қызмет еткен апай-агайларымызben қауыштық, бір жасасап қалдық. Тарихты ұмытпау керек. Әділеттің адапт жолында талмай еңбек етіп келе жатқан азамат ретінде өз бақытын Отанына, халқына қалтқысыз қызмет жасау деп білдірін, «қара қылды қақ жарған», әділетсіздікке барытайтын әріптестерінің еңбектерінен оң әттіже, тиянақты табыс тілеймін. Мерейтой біздің ұжымның бірлігін нығайтты, ынтымағын артырыды. Үлкенге құрмет көрсету – кішігі міндет екенін үқытыры.

МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТИК ҚЫЗМЕТТЕ ЖЕКЕ МҮДДЕ БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сандар сейлекенде оқып отырып ойланасын, «Бұлар тек әшкере болғандары фой. Қаншамасы халық ішінде қарағаша қызмет етүмен қатар, қарақан кү басының құндылықтарын қүйттеп, заң біткеннін белінен бір-ақ баса салып жүр фой», – дейсіз. Ойға «...Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Құндіз отырмадым..» деп келетін Білге қаған ескерткішіндегі жазылған сөздер оралады. Едік мүдде жолындағы

жанкештілік қой, сол уақыттағы. Содан бері не өзгерді? Едік те, елге еңбек ету де өзгермеди фой, сол қалпы. Өзгерген адамның инеті шығар. Қош, олар ар сотында да, заң сотында да жауапқа тартылды.

Әрі қарай өнірлердегі мемлекеттік қызметкерлер арасындағы орын алған қылмыстар бойынша көш бастиған облыстар мен қалалар жайлы жазайық. Ең көп қылмыстық іс тіркелген өнір – Шымкент қаласы. Жыл басынан бері 102 шымкенттік мемлекеттер заң бұзған. Ең со-

лекеттік қызметкерлердің қылмысқа баруы 2 есеге екен. Откен жылмен салыстыргандағы статистика осылай дейді. Екінші орынға – Алматы және Астана қалаларын жатқызуға болатындей. 2023 жылдың қантар айынан бастап 82 алматылық, 55 астаналық мемлекеттік мемлекеттік мүддеге бей-жай қарал, заң шенберінен шыққан. 2022 жылмен салыстырганда Алматыда – 1,2 пайыз, Астанада – 61,8 пайызға есім бар. Үштікті Жетісу және Алматы облыстары қорытындылайды. Жетісулық 47, Алматы облысының 43 мем-

лекеттік қызметкері түрлі қылмыс жасаған. «Ең жақсы жағдай Ұлытау облысында», – дейді мамандар.

Біздің мемлекеттіктерлерді үзақ жылдық бас бостандығынан айыру, мемлекеттік қызметтегі шектеу, дүние-мұлқін тәркілеу секілді заңдық нормалар аса қорқыта қоймайтын секілді. Алтын көрсे періште жолдан таядының көрінісінде жағдай үзілдік. Айылын жиһайтын бұларды не істемек керек? Халық арасында желдей екен бір пікірді бұқара назарына ұсынайық. «Қытайда ұрлық жасағандардың қолын шабады екен. Мемлекет қаржысына қол салғандар мен елдің мүдде жолында салғырттық танытып, қызметтік аятына адалдық танытпағандарды осылай жазалайық», – деген сездерді жи естіп жүрміз фой. Тіпті, кейбіреулер «Өлім жазасын енгізіміз керек», – деген пікірде. Мұны уақыт көрсетер. Бір біліріміз, адам жарапалы

был секілді ар алдында қолайсыз

жайттар тыйылмай түр. Қылмыс пен қофам қатар үфым.

Ел ішінен басбұзар да, тезізде, тентек те табылар. Мемлекеттік қызметтің әдеп туралы кенесін құрлып мәселені құрықтаймыз дедік, ашақтық танытып қылмыстың алдын аламыз дедік, бірнеше басқарушы тараптарды бір-біріне бағынысты қылымып басбұзарлардың бетін қайтарамыз дедік. Алайда, нәтиже көніл қуантарлықтай емес. Түтеп келгенде, әркім өзіне жауап береді, санаусына берсін деуден аса алмай отырымз. Расында да, ұлтжандылық, отансуігіштік, елге адалдық секілді түсініктер түйсікте жаңырмаса, заңда, басқасы да кедергі емес. Сондықтан санаусына берсін дейміз. «Балам өскенде әкім болады, министр болады, президент болады», – деп отырған көп ата-ананың құлағына алтын сырға.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

САРАП

АЛЬП ЕЛДЕР НАЗАРЫ – АЭС-та

Франция Президенті Эммануэль Макрон Азия сапары барысында Өзбекстан мен Қазақстан билігімен кең ауқымды мәселелерді, соның ішінде экономикалық ынтымақтастық, көлік инфрақұрылымы, азық-түлік қауіпсіздігі және бүкіл Еуропа үшін өзекті болып отырған энергетика жайын талқылаган-ды.



Францияның атом энергетикасы жылына шетел басылымдарына илансақ, шамамен 10500 тонна уран тұтынады екен. Бірақ оның 8 мың тоннасы елге шетелдерден келеді. Жалпы уран отынының 45%-ы Канада, тағы 32%-ы Нигерия, қалғаны Австралия, азғана улесі Қазақстан мен Ресейден тасымалданған. Сол кезде қарны тоқ, көйлегі көк, мәселе жок Франция тіпті осы уақыт дейін 56 АЭС салып тастаған көрінеді. Болашақты болжай бірақ кімнің қолынан келеді дейсіз. Уранға қатысты алғашы мәселе романтиктар елінде 2013 жылы басталды. Дүниежүзіндегі жалпы көлемі 6% деп бағаланған Нигерияның уран қоры сарқылып барады деген сүйт хабар, төбeden құйған сүкү судай ел энергетикасын шымырлатты. Осы тұста мәселе жақтысты уран шикізат алпауыттарының біри, Канада тік тұрып «әлемдік нарыққа мұнай, газ және уранды көбірек жеткізу арқылы алем елдеріне жаһандық энергетикалық дағдарысты шешүге көмектесеміз» деп, кесең сөйлеп, білегін сыбанған-тын. Әрине Франция, арқасынан жүк түскендей жасап қалды. Десе де жылына тұрақты турде 4-7 мың тоннаға ғана өндіріп отырған Канада ураның кімнің аузынан табасыз. Оның үстінен үйенек жапырақ елі АҚШ, Қытай және өзге Еуропа елдерінен де келісімшартқа отырып, уран жеткізіп отыр. Канаданың бар уранын шашау шығармай Францияға алып келгеннің өзінде, АЭС-тердің тәбетін енсеру қыны. Бірақ бәрін сатып алуға және басқараларға қаралғанда көбірек төлеуге дайын Қытай, мына жағында уран тұтыну бойынша әлемде қаршасы, дегенмен өз көн орны жоқ Америка Құрама Штаттары тұрғанда, Канаданың бұлай жасауы Франция үшін достық, жанашырылғы инетінің көрінісі іспеттес еди.

Францияның өзге Африка елдерінен де уран ала алатын мүмкіндігі бар. Әйткени, бұл шикізаттың қорлары бар көптеген мемлекет-

тер бір кездері француз отарлары болған. XX ғасырдың екінші жартысында Парижден тауелсіздік алған соң да ол мемлекеттер достық қарым-қатынасты жалғастырған. Бірақ мұнда да қындықтар бар. Францияға Сахель аймағынан арзан уранды алу үшін ол Африкадағы қымбат әскери операцияға араласу керек болды. Нақтырақ Чад, Мали және басқа да «қазба байлығында ураны бар» кейір елдерде жүргізілген антитеррорлық операциялар. Басында «Бархан» операциясын француздар қолға алды. Десе де мәселенің аз уақытта әшшілмейтінін түсінген Макрон бұл істі тоқтатты. Оның үстінен соғыс шығынын, уран көні өтемейтіндегі халге жеткен болатын. Енді әрине соғыс үміт әлемдегі барланған уран қорының 45%-ға жуығын құрайтын Ресей мен Қазақстанда. Иә, бұл жұпта Қазақстан көш бастап тұр. Дегенмен, бұл жағдайда «қөшбасшылық» сөзі «тәуелсіз» терминін бірдей емес. Әйткени, қазақстандық ураның басым белгілі Ресей Федерациясы арқылы өтпейінше тұтынушы елдерге жете алмайды.

Көлеңкелі тұс

Қазақстанның уранды байыту ресурстары ете шектеули. Атап айтқанда: 5-20% деңгейіне дейін байытылған уранды АЭС операторлары жи талап етеді. «Ресейде уранды байыту бойынша әлемдік құаттың 43%-ы бар, ал қазақстандық ядролық шикізат алдымен ресейлік байыту зауыттарына түседі де, солардан ғана нарыққа шығады. Логистика да солай, Қазатомпром қазір ядролық отынды Ресей арқылы және Каспий теңізі арқылы Қара теңізе жеткізеді. Десе де, көлөнкеде болып жатқан дүние дүниетанымыңызды төңкеруі мүмкін. Батыстың, әсіресе Еуропалық Одақ елдері геосаяси жағдайға қатысты санкцияға қарастын Ресей уранын әлі күнге дейін сатып

қызықкан қай-қайсы мемлекет, кез келген шартқа дайын.

Біздің жағдай

Әрине, май шелпекке бөгіп, теріміз шылқып отырған біз жоқ. Энергетикалық мәселелер өзімізде жетіп артылады. Сарапшы Олжас Байділданың дерегінше еткен жылы еліміз 16 мың мВт электр энергиясын тұтынса, 15 мың мВт өндірген екеніз, дефицит 1 мың мВт, оны Ресей жапқан. Оның үстінде тұтыну да есіп келеді. Ал энергияның басым белгілінің (67%) елімізде ЖЭО өндірдө. Олар көмірмен жұмыс жасайды. Қалған газ (22%), гидро электрлік станциялар (7%), баламалы күн, жел станциялары (5%). ЖЭО-лардың барлығы дерлік Кеңес кезінен келе жатқан орталықтар. Тағы да ЖЭО салу экологияға да, қаржылын жағынан да пайдаланын зиян көп дүние. Суға қатысты мәселе ГЭС-ті дамытуға мүмкіндік бермейді. Ал газ өндіріп отырған ошактарда қайта-қайта техникалық бұзулар болып, ырыпымызды шығаруда. Баламалы энергия станциялары тым қымбат әрі эффективтілігі тым төмөн. Біріккен Ұлттың үйлімінде 2040 жылға қарай Қазақстан халқы 20 миллионнан 25 миллиондаға дейін өседі, бірақ бізде қазірдің өзінде бар құат жетіспейтін болса, есіп келе жатқан қажеттіліктерді қалай қанағаттандырамыз?

Мәселе шешімі – АЭС

Естерінізге сала кетейін, ҚР Энергетика министрлігінің индикативті жоспары бойынша Қазақстанның аралашы атом энергиясын 2035-ке дейін алты жаңа тильтегі реакторларды салуды мақсат етіп отыр. Бұл шешім Француз компаниясы EDF-ке (АЭС салатын компания) ауыр тиіді. Банкроттықтың аз-ақ алдында тұрған компанияны сонында мемлекет сатып алды. АЭС салуға Франция үкіметі 50 миллиард еуро бөлді. Бұл ел арасында үлкен резонанс түдірді. Франция энергетика мәселе сіне байланысты қындықта қезіккені айтпаса да белгілі. Сондықтан айналамасқа болмас.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

APR-1400 реакторы бар кореялық KHNР; EPR-1200 реакторы бар француздық EDF. Реактор атауының жаңындағы сандар АЭС-тың өндірү құатын көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай қазіргі қажеттілік 1 мың мВт. Демек, бір АЭС салсақ, біз бүгінгі қажеттілікте ғана жауып, нөлге шығамыз. Сондықтан Қазақстанға алдағы уақыттағы сұраныстың есептін ескерсек, бүгінде бір емес, бірнеше атом станциясы керек. Қоғамда әрине АЭС-ке қатысты үлкен резонанс тууда. Десе де мәселенің байыбына жетпесек болмас.

Макронның Өзбекстан мен Қазақстанға сапарын осы елдердің аумағында француздық Electricité de France (EDF) компаниясының атом электр станцияларын салу жөніндегі көлісіздерінің соғыс нұктесі ретінде қарастыруға болады деген пікір бар. Бұған дейін, ағымдағы 2023 жылы Ташкент пен Астанаға Францияның Сыртқы сауда министрі Оливье Бешт пен француздық Electricité de France (EDF) компаниясының делегаттары келген болатын. Екі жағдайда да делегаттар Францияның ынтымақтастықа дайын екенін мәлімдеді. Сыйға сый, сыраға бал демекші, бұндай шығынымен жауапкершілігі көп жұмысқа француздар бекер барып отыр дейісіздер ме. Олардың ойында уран.

Бұл отын бізде, аз көлемде Өзбекстанда да өндіріледі. Қайсысы қармақа ілінседе француздардың ұтылатын жері жоқ. Десе де оңтүстікегі көрінішінен бірінші болып АЭС салса, оларға қарал алақан жайып қалыптыз әбден мүмкін. Бірақ Қазақстанның қазіргі қарлігі қалғылышқа қатысты түпкілікті шешім қабылдағанға дейін, атом электр станциясы үшін әлемдік тәжірибелі зерттеп, содан кейін ғана технология жеткізуін тәндау тұралы маңызды шешім қабылдауды дұрысқа санап отыр. Онысы орынды да.

Француздарға сенім артуға бола ма?

Жалпы бізде атом электр станциясын салу жөніндегі екі нұсқа бар. Біріншісі өз қаржатымызға компания тауып салдыру. Бұл жағдайда Қазақстан АЭС үшін 15 миллиард долларға жүркінші қаржатының өзінде қарастырылады. Бұл жылдағы 15 мың мВт бюджеті шамамен 45-50 миллиард долларды құрайды, ал Ұлттық қор үшін бұл айтартылғайт сома. Екінші нұсқа – жеке инвестор өз қаржатына салып, кейін қарының тарифтен қайтарылғандай ету. Енді оның тұста салып берем дег отырған Францияға қаншалықты сенім артуға болады?

Францияның энергия өндіріу саласында ядролық энергиядағы тәжірибесі өте мол. Еуропадағы атом электр станцияларының ең ірі алаңының іесі ретінде бұл ел энергетикалық секторда өздерінің тәуел

ПІКІР

ҚАРАУСЫЗ БАЛА ЖЫЛЫЛЫҚТЫ КӨШЕДЕН ІЗДЕЙДІ

Қазіргі таңда тек ересектер арасындаған емес, жасөспірімдер арасындағы қылымыс белең, алып отыр. Аса ауыр, әрі топтасып жасалған қылымыс жағдайлар 12-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында өте көп.

Үлттүк статистика бюросының статистикасы бойынша соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы тіркелген қылымыстардың өзі 1000-нан асады, ал тіркелмегендегі қашшама? Қебінесе бұндай қылымыстар орын алған уақытта балалардың заң алдында жауапқа тартпайды. Оны ересектер өзары немесе мектеп арасында аз адамдармен шешкенді жөн көреді. Алайда, Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық ғылыми шарттың алдын алу, көмектесе толмағандар арасындағы қылымыстың өсүне жоғ бермей болғандықтан заң бойынша әрекет етіп, бұндай жағдайлар қайталанба үшін шара қолдану қажет.

Осы мәселеге байланысты психологиялық Тұрсынбаева Аққанантың да пікірін білдік. Маманың ойынша, «Жасөспірімдер арасындағы қылымы, құқық ғылыми шарттың алдын алу, көмектесе толмағандар арасындағы қылымыстың өсүне жоғ бермей болғандықтан заң бойынша әрекет етіп, бұндай жағдайлар қайталанба үшін шара қолдану қажет.

Қылымыса, еліктеулерге бой алдыраңы. «Ұядан не көрсөн, ұшқанда соны ілесін» демекші, әке-шешелер көбінесе балаға дұрыс көніл аудармағандықтан жасөспірімдер арасында аса ауыр жағдайлар көп болып жатыр.

Сонымен қатар, бұл мәселеге ортанаң да әсері бар. Ата-анадан көрмеген жылулық пен қамқорлықты балалар көшеден іздейді. Егер де әкесі мен анасы жаман әддегерге үйріп болса, балалына зорлық-зомбылық көрсетіп, қарасуы қалдырыса, балаға көрең тәрбие бере алмаса, ондай жағдайда, оларды лезде ата-ана құқығынан айыру керек. Тәрбиеде алтын ортана табу керек. Яғни, қатты қатал да болмай керек, баланы қатты еркелетіп жибермеу де керек. Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік».

Жасөспірімдер арасындағы қылымыстар азыту үшін ата-аналардың назарынан бөлек, балаға өзіндік ізденістермен қатар жақса орта қажет. Жасөспірім өзін дамытатын, ой-санасын, таным-түсінігін кеңейтін дүниегерге ұмытулаға тиіс. Бала тәрбиесі - үлкен жауапкершілік. Балалардың қауіпсіздігін қағағалау қоғамның міндеті. Өскелен ұрпақты қоғамға қажетті азамат ретінде қалыптастыру, оларды қылымы секілді теріп әддегерден арылту – ортақ мұрат.

**Төржан БЕРДАУЛЕТ,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
2-курс студенті**

КИЕ

Адамзат тарихының сандаган ғасыр бойы жинақтаган тәжірибелі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұрандың ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сактап

ТІЛДІ БІЛМЕУ, ҰМЫТУ – ҰЛТҚА ТӨНГЕН ҚАУП

қалу жолында талай қызын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені, ана тілі мәселесі сол тілде жасаған, жасал келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын таныттын, сол халықтың мәңгілігін мәселесі.

Балалардың тілді білмейі, ұмыты – ұлтқа тәнген қауіп. Сондықтан, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді әр отбасы, әрқайсымыз өзімізден баставымыз қажет. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір ұлт тілдік үйлесімді

**А.ТУРАКБАЕВА,
Ақтау қаласы №2
сотының әкімшісі**

КӨЗҚАРАС

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ШЕКТЕУ – БУЛЛИНГТІ ЖОЮДЫҢ ШЕШІМІ ЕМЕС

Балалар арасындағы буллинг – барлығының таңыс тақырып. Мектеп қабырғасында оқынушылардың бірін-бірі төмөндөтіп, үрей туғызып, зорлық-зомбылық көрсету жилемпейтін. Үндінді жағдайын орын алуы мүғалімдердің де, ата-аналардың да аландаушылығын тұдырып отырғаны рас.

Улкендер балалар психологиясындағы ауытқуышылық, буллингтің орын алуына әлеуметтік желідегі ақпараттар мен бейнеролистердің әсері көп дейді. Балалар бос үақытының басымын белгін смағтандырып, түрлі ақпараттарды көрүмен өткізетіндіктен, ата-ана мен мамандардың аландаушылығы орынсыз дей алмаймыз. Дегенмен, әлеуметтік желілерді шектеу – буллингті жоюдың шешімі емес. Өйткені, ғаламтордағы ақпараттар

балалардың ой өрісін дамытуға, түрлі танымдық дүниелермен танысуга, алдына бік мақсат қюнға ынталандыратынын да ұмытпау керек. Ендеше, бала психологиялық қысымға ұшырап, буллингтен зардал шекпесін десек, олардың не көріп, не тұндал жүргенін бақылап, ақпаратты сұрыптауға, жақсы мен жаманды айыруға үйрету парыз. Бұл жерде мүғалімдермен қатар барлығын ата-ана айтып отырса, сондаға ғана балы ой түйіп, ешкімге тиіспей, тек басқаларға қөмектесуді үйренетін болады.

**Аружан НҰРМҰХАНБЕТ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері
университетінің 2-курс студенті**

ТАРАТУ

2. «BKM-2 Group» ЖШС, БСН 220540035243, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Кекшетау қаласы, Абай қөшесі, 78 ғимарат.

3. «КазИнвестКапитал» ЖШС, БСН 190940001007, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: КР, БКО, Орал қаласы, Сұндетқали Есқалиев қөшесі, 303 үй, 15 пәтер.

4. «Тараз қаласы әкімдігінің түрғын жай-коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тараз вокзал қызыметі» КММ (БСН 211040022412) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: КР, Жамбыл обл., Тараз қаласы, Привокзальный қөшесі, 1 үй.

8. «КВАЗАР РК» ЖШС, БСН 230540033922, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, индексі 010000, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшевнұр қөшесі, 8 үй, т.е.б.1. Тел.: 87015240250

9. «Де Сигнер» жауапкершілігі шектеуі серіктестігі, БИН 230140032533, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ақтөбе қөшесі, 278 үй.

10. «Қазақстан Республикасы Президенттің Телерадиокешені» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, БСН 000540000463, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Z05T9D6, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт қөшесі, 3 ғимарат. Тел.: 87172570245.

11. «ASL Co» ЖШС, БСН 100540000335 (Қазақстан, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Складская қөшесі, 7А үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Мирас» ықшамауданы, 157 үй, 562 пәтер. Тел.: 87056738888.

12. «EL GRANO» ЖШС, БСН 130540012017, «Компания ЮТА 8» ЖШС, қайта үйімдестіруға байланысты «EL GRANO» ЖШС-ның құрамына кіретінін хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, Жаңажол қөшесі 9, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87773337171.

13. «B2B Caravan PTE.LTD» ЖШС, БСН 230440016295, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар-

ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық қөшесі, 5/1 ғимарат, 294 пәтер. Тел.: 87027677777.

14. «KDG» ЖШС, БСН 140340004209, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде тіркелу мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Жириентаева қөшесі, 22/1, пәтер 13. Тел.: 87019932554.

15. «казтехстрой-09» ЖШС, БСН 190940034628, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Ә.Молдағұлова қөшесі, 4 үй, 60 пәтер. Тел.: 87079836970.

16. «Сервисная компания «Коунрадский» ЖШС, БСН 220540027609, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қоңырат кенті, Зайцев қөшесі, 15 үй. Тел.: 87023390301.

17. «UNIVERSE TRADE» ЖШС, БСН 170840003204, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Михаил Русаков ықшамауданы, 12 үй, 70 пәтер. Тел.: 87001163654.

18. «Школьный ИЖС» тұтыну кооперативи, БСН 180640027830, 2023 жылғы 29 қарашадағы Жалпы жинальстың № 29/11/2023 хаттамасының негізінде таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Грибоедов қөшесі, 66/2 үй, телефон: +7 727 397 62 14.

21. «AML Technology» ЖШС, БСН 230840013710 (Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел данылы, 38 үй, 81 пәтер, индексі 010000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенев қөшесі, 8 үй, т.е.б.1. Тел.: 87015240250.

22. «Brothers78» ЖШС, БСН 190240000479, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев қөшесі, 90/30 ғимарат. Тел.: 87072107100.

23. «Сіргелі» өндірістік кооперативи, БСН 960340010829, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Түркістан обл., Сарығаш ауданы

